

Отырар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 13/71-VII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 6505-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2026 жылғы 19 ақпандағы № 33/190-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 19.02.2026 № 33/190-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Отырар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Отырар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Отырар аудандық мәслихатының төрағасы

У. Ұзақов